

## Аршалы ауданының Волгодонов селолық округінің Қойгелді ауылы аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Ақмола облысы Аршалы ауданы Волгодонов селолық округі әкімінің 2014 жылғы 10 маусымдағы № 13 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 13 маусымда № 4228 болып тіркелді

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

«Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Аршалы ауданының мемлекеттік ветеринарлық-санитарлық бас инспекторының 2014 жылғы 29 мамыр № 194 ұсынысы негізінде, Волгодонов селолық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ұсақ қара мал арасында бруцеллез жұқпалы ауру ошағының анықталуына байланысты Аршалы ауданының Волгодонов селолық округінің Қойгелді ауылы аумағында шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Ақмола облысы Әділет департаментінде тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

**В о л г о д о н о в с е л о л ы қ**  
округінің әкімі **Ж.Көселбаев**